

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізуін тексерудің қорытындысы 2021 – 2022 оқу жылы, II тоқсан

2021 жылдың 23 желтоқсан күні Есбол орта мектебінің тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы мектеп асханасының жұмысына тексеру жүргізді. Тамақтандырудың сапасын тексеру басшылыққа алынды.

Тексеру жүргізгендер:

1. Е.Козыкешов – мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы;
2. А.Есенаманова - ата-аналар комитетінің төрайымы;
3. Г.Мендигалиева– директордың ТІЖО;
4. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
5. А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог;
6. Э.Саликова – кәсіподақ төрайымы;
7. Р. Маукенова – шаруашылық меңгерушісі.

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер:

Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдеріне, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жүргізуі. Азық-түлік сапасын тексеру, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруы және тексеру қорытындысы бойынша: Жалпы мектепте 106 бала тамақтанады. Оқушылар екі ауысымда ыстық тамақпен қамтылады. I-ауысымда 74 бала, II- ауысымда 32 бала тамақтанады. Олардың күнделікті асханадан ыстық тамақпен қамтылуын сынып жетекшілері және әлеуметтік педагог А.Төреғалиева және мектеп медбикесі Г.Нуримова қадағалайды. Осы жарты жылдықта асханаға Қамқоршылық кеңес мүшелері де тексеріс жүргізді. Бракераж комиссия мүшелері де ай сайын тексеріс жасап, қорытындылап отырады. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, асхананың жалпы тазалығы, ыдыс – аяқтардың тазалығы, азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Асханада 1 аспазшы жұмыс жасайды. Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхана қызметкерінде бар. Азық-түлік сақтайтын арнайы қоймалар, жеміс-көкөніс сақтайтын орындар жоқ, сол себепті үлкен тоңазтқышқа салынады. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген. Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың оқушыларға таратуға болатыны мен сапасы туралы бракераждық журнал уақытылы толтырылып отырады. Асханада тамақ ішетін оқушылар тізімі, айлық және күнделікті ас мәзірі мектеп директорымен бекітіліп, ілінген. Тамақтың барлығы асхана ішінде сақталады. Асханада: нан турауға арналған үстел, дайын өнімге арналған үстел, жеміс-жидекке арналған үстелдер бар. 2 электр пештері және 2 тоңазытқыш, 1 сушилка, 1 ыдыс жуатын машина, 1 қысқа толқынды пеш бар. Оқушылар тамақ ішетін жерде камера орнатылған. 40 оқушыға тамақтану орындары бар және қажетті ыдыстармен толық қамтылған. Күніне 2 рет ылғалды тазалық (уборка) жасалынып отырылады. Пайдаланылған ыдыстарды дезинфекция жасау және жуу орындары мен кептіру

Р.Маукенова

